

**М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университетінің PhD докторанты
Хусаннова Гульмира Жанғалиевнаның «8D02310 – Филология білім беру
бағдарламасы бойынша» ұсынылған «Мәдениетаралық қатысымдағы түр-түс
концептілерінің семантикалық өрісі (қазақ, кәріс, ағылшын тілдерінің негізінде)
тақырыбы бойынша жазылған диссертациялық жұмысына берілген
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ**

Кеңістіктегі алуан түрлі түсті ажырату процесі адамның перцептивтік қабылдауы арқылы орталық жүйке жүйесінде өңделіп, жүйеге асады. Сондықтан да барлық этностың қоршаған ортасына, нысанның пішініне, көлеміне қатысты түр-түс атаулары ұлттық фон аясында айқындалады. Осы тұрғыдан келгенде түр-түс концептілерін, жеке бір тілдік тұрғыдан лексикалық-құрылымдық, этнолингвистикалық, когнитивтік сипатын зерттеуге арналған жұмыстар баршылық. Ал салыстырмалы еңбек ретінде Ш.К.Жаркынбекованың «Языковая концептуализация цвета в казахском и русском языках» атты бірен-саран еңбектерді кездестіруге болады. Морфогенетикалық тұрғыдан алғашқы «таза» айқын түстерге ақ, қара, қызыл, сары түстерді жатқызуға болады. Бұлар түр-түстің өзегі (ядросы) болып табылады. Сонымен қатар «таза» алғашқы қанық түстер мен олардың араласуы арқылы жасалатын реңктері (тональность, периферия) ажыратылады.

Хусаннова Гульмира Жанғалиевнаның диссертациялық жұмысы қазақ, корей, ағылшын тілдеріндегі түр-түс ұғымының мәдениетаралық аспектісіндегі семантикалық өрісін, сонымен қатар үш этнос өкілдерінің дүниені қабылдау ерекшеліктеріне орай, түр-түсті танымдық тұрғыдан зерттеуге арналған. Зерттеудің теориялық және методологиялық негізінде заманауи лингвистикалық әдістерді қолдана отырып, үш этносқа қатысты түр-түс белгілерін лексикалық, семантикалық, когнитивтік, концептуалдық әдіс-тәсілдер бойынша кешенді түрде қарастырған.

Докторант қоршаған ортадағы түр-түс атауларын танып білу, оларды категориялау ұлттық таныммен, одан қала берді тілмен байланысты екендігіне тоқталады. Өйткені этностың когнитивтік қызметі барысында мазмұндық ақпарат тілдік формаларда көрініс тауып, сөйлеу арқылы білдіріледі деген тұжырым жасайды. Докторант диалектикалық формадағы когнитивтік процестер тілмен ғана байланысты емес дей келе, этностардың дүниелік білімімен де тікелей байланысты екендігін тілдік материалдармен бекітіп отырады. Ал біздің сана құрылымы арқылы түр-түсті білуіміз тек қана тілге байланысты емес, ұлттық танымға да байланысты болып келетіндігіне де кең түрде тоқталып өтеді. Тіл танымдық құрылымдар туралы хабарлауға және оларды түрлі этнос тілінде суреттеп көрсетуге мүмкіндік береді деген ой-тұжырымы құптауға тұрарлық.

Мәселен, «қара», «қаралық», «қаралы» сөздер қазақ тұрмыс-салтында өлім-жітімге байланысты қолданысқа түседі. Бұл лингвомәдени бірліктерде адамы өліп, қайғы-қасіретке душар болуды білдіретін символдық, кәде-ырымдық мағыналар бар. Хакім Абайдың «Біреудің кісісі өлсе – қаралы ол, Қаза көрген жүрегі – жаралы ол» деген сөзі осыны айғақтайды. Сонымен қатар, *басына қара тұрғызу, қара жамылу, қара қағаз, қаралы ат, қаралы болу, қаралы ер-тұрман, қаралы көш, қаралы қалыңдық, қаралы дауыс, қара өлім* т.б. сөздерден де қайғы-қасірет белгісін байқауға болады.

Қара ұғымына контраст концепті бола алатын *қара қазан, қара шаңырақ, қара шал, қара жер* т.б. лингвомәдени бірліктер қазақтың кең байтақ жеріндегі ұлттық-мәдени болмысты басқа қырынан көрсетеді. Бұл тұрғысында да докторант біршама лингвомәдени бірліктерге тоқталған.

Сол сияқты ағылшын тілінде *қызыл* – жылылықты, құмарлықты, әуесқойлықты білдірсе; *көк* – салқындықты, тыныштықты, шексіздікті білдіреді; *ақ* – тазалықты,

бейкүнәлікті, ұқыптылықты білдірсе; қара – дәріуіштікті, мистикалықты, немқұрайлылықты білдіреді.

Г.Ж.Хусаинова алғашқы тарауында қазақ, корей, ағылшын тілдеріндегі түр-түс ұғымының теориялық аспектілерін егжей-тегжейлі қарастырып, концептуалдану құрылымына тоқталса, екінші, үшінші тарауларында түр-түстің тарихи-мәдени эволюциясын қарастырады. Автор сонымен қатар, мифологиядағы, фразеологизмдердегі символдық түр-түс көріністерін тілдік сана төңірегіне топтастырады. Сонымен қатар, әр этноста орын алған когнитивтік механизмдерге сүйене отырып, лингвомәдениеттану тұрғысынан түр-түс концептілерінің қалыптасу ерекшеліктерін айқындайды. Диссертацияның үш тарауында қорғауға ұсынылатын тұжырымдардың мазмұны ашылған, тараулардың арасында ғылыми байланыс пен мазмұндық, мағыналық үйлесім бар. Г.Ж.Хусаинованың диссертациялық зерттеу жұмысы бойынша жасалған қорытындысы мен тұжырымдарының жаңалақ дәрежесі жоғары және нақты.

Сондай-ақ, пайдаланылған дереккөздерге тиісті сілтемелер жасап отырған, осы арқылы диссертациялық жұмыстың дербестігі мен авторлық сипаты толық сақталған. Зерттеудің жекелеген бөлімдерінен алынған нәтижелер мен қорытындыларды жоғары оқу орындарындағы «Когнитивтік лингвистика», «Лексикология», «Функционалдық лингвистика», «Мәдениетаралық коммуникация» пәндерінің оқу бағдарламасына енгізу орынды деп санаймыз. Сонымен қатар, көптілді сөздіктер мен әдістемелік нұсқауларды әзірлеу барысында қолдануға таптырмайтын материал бола алады.

Жұмыс жоғары деңгейде жазылған, дәйек-дәлелдерін білім-танымдық жүйеде қолданған. Диссертациядағы көрсетілген ғылыми тұжырымдар мен қорытындылардың жаңалық дәрежесі жоғары болып табылады, оларды автордың өзі түйіндеген ғылыми жаңалықтар деп есептейміз.

Хусаинова Гульмира Жангалиевнаның «Мәдениетаралық қатысымдағы түр-түс концептілерінің семантикалық өрісі» (қазақ, корей, ағылшын тілдерінің негізінде) атты диссертациялық жұмысы философия докторы (PhD) диссертацияға қойылатын талапқа сай келеді.

Ғылыми кеңесші: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы:



Тлеубердиев Болатбек Макулбекович